

Сақтардың жылқымен бірге жерлену дәстүрі - олардың рухани дүниетанымын, әлеуметтік иерархиясын және материалдық мәдениетін терең ашатын ерекше археологиялық феномен. Обалардағы деректер жылқының көшпелі өмірдің тек шаруашылық элементі емес, иесінің мәртебесін көрсететін ритуалдық, символдық және идеологиялық мағынасы бар қасиетті серік болғанын дәлелдейді. Жылқылардың арнайы дайындалып, әшекейленіп, шығысқа қаратылып жерленуі сақтардың арғы дүниеге сапар, рухтың қорғалуы және табиғат күштерімен байланыс жөніндегі мифологиялық түсініктерін айқындайды. Сонымен қатар, жылқы саны мен оның әбзелдерінің сапасы жерленген адамның әлеуметтік деңгейін көрсетіп, жоғары мәртебелі топтың қоғамдағы орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жылқымен жерлену феномені сақтардың этномәдени болмысын, дүниетанымдық жүйесін және әлеуметтік құрылымын түсінуде негізгі кілттердің бірі болып табылады. Ол Еуразия даласындағы көшпелілер өркениетінің өзіндік ерекшелігін айқындап, кейінгі түркі халықтарының мәдениетімен сабақтасқан маңызды тарихи мұра ретінде бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.Ф. Королькова. Звериный стиль Евразии. Искусство племён Нижнего Поволжья и Южного Приуралья в скифскую эпоху (VII-IV вв. до н.э.). Проблемы стиля и этнокультурной принадлежности. СПб.: «Петербургское Востоковедение». 2006-272 с.
2. А.В.Круглова. Скифский звериный стиль: принципы связи изобразительных и декоробразующих схем
3. St John Simpson and Svetlana Pankova. Scythians warriors of ancient Siberia. The Trustees of the British Museum, courtesy of the British Museum's Department of Photography and Imaging. p. 364
4. Rebecca Roberts. Gold of the Great steppe. 2022. p.170.

БОЛҒАН АНА КЕСЕНЕСІ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Абдуллаева Б.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Адильбаев А.М.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
abullaevaabanu@gmail.com

Қарағанды қ.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығы қарсаңында Ұлытау ауданының аумағында орналасқан Алтын Орда дәуірінің тарихына қатысты ескерткіштерге 2018 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында Ұлытау өңіріндегі Аяққамыр, Болған ана ескерткіштерінде археологиялық зерттеу жұмыстары және Алаша хан, Жошы хан кесенелерінде қосымша сараптамалық талдаулар жүргізілді.

Зерттеу жұмыстарының негізгі бөлігі Болған ана кесенесінде шоғырланды.

Болған ана кесенесі ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Жезқазған қаласынан 50 шақырым оңтүстік-батысқа қарай, Сарысу мен Қаракенгір өзендерінің құйылысында, Қаражар шатқалында орналасқан. ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы саяхатшылардың жазбаларына дейінгі ауызша тарихнамада Болған ана кесенесі туралы мәліметтер бір-біріне қарама-қайшы мағынада болды. Кейінірек жазба деректер де Қаракенгір өзенінің сағасынан сәл жоғары жердегі ескерткіш туралы Н. Рычков, А. Левшин, Ш. Уәлиханов және тағы да басқа зерттеушілердің мәліметтері пайда болды. Академик В.В. Бартольд Болған ана (Болған бегім) Жошы ханның қызы болған деген пікір айтқан. Шоқан Уәлиханов бұл кесене туралы «Қаражардағы Қаракенгірдің саласындағы Болған ананың моласы ақ түсті, күмбезі шағын ғимарат және басқалары да осылай салынған», - деген мәлімет береді [1, 169 б].

1946-1948 жылдар аралығында Ә. Марғұлан зерттеген. Кесене атына байланысты әртүрлі болжамдар айтылады. Бір деректерде онда Жошы ханның Сырдария мен Талас өзендері арасын жайлаған қаңлы тайпасының билеушісіне ұзатылған қызы Болғанның жерленгені айтылса, тағы бір аңыздарда Болған ананы Алаша ханның келіні деп те айтады. 1990 ж. Алматы архитектура және құрылыс институтының экспедициясы (жетекш. Е. Бәйтенов) зерттеген. Көрнекі жерге салынған Болған ана күмбезі алғашқы нұсқаларында өте әдемі болғанға ұқсайды. Ол осы өңірдегі кейінірек салынған кесенелер архитектурасына (Ақтыбай, Қауқабай, т.б.) да әсерін тигізген [2, 9-10 б].

Болған ана ескерткішінің ішіндегі археологиялық зерттеулер алғаш рет жүргізіліп отыр. Бұл ескерткіште қалпына келтіру жұмыстары барысында орталық бөлігінде бірнеше қатар кірпіштен жасалған шағын құрылыстар салынды. Осы учаскені тазарту барысында 0,3 м тереңдікте шикі кірпіштен қалау анықталды. Әрі қарай тереңдету кезінде өндірістік қалдықтар табылды. Қазба жұмыстары 2 м тереңдікке дейін созылды, онда жерленген сүйек қалдықтары солтүстік-батысқа қарай артқы жағында, басымен тазартылды. Жерленгені көлемі 2,8 м, биіктігі 0,7 м толықтай сыланған ағаш саркофагта жатты. Сүйектер қанағаттанарлық деңгейде сақталған. Табылған заттардан бас жағында сары металдан жасалған тостаған (сурет 1), сондай-ақ сүйек пен тастан жасалған жұп сырғалар табылды (сур. 2). Тостаған. Алтын. Соғу, нақыштау, пунсон. Дөңгелек. Профильдегі жарты шар. Тегіс түбімен. Шетінде кішкентай дөңес жағы бар. Ішкі жағында төменгі жағында жапырақтармен қоршалған гүлдің үлкен бейнесі бар [3, 9-10 б].



1- сурет Алтын тостақан



2- сурет алтын сырға

Бүгінгі таңда бұл тостағанның екі аналогы бар. Солардың бірі Алматы облысы, Шеңгелді қорымын зерттеу кезінде табылған. Бұл тостағандар Алтын Орда дәуірінен XIII ғасырға жатады. Сырға. Алтын, паста, соғу, иілу. «Сұрақ белгісі» түрінде жасалған. Қимасы дөңгелек шыбықтан жасалған. Тұтқасы дөңгелек, шеті тұйықталмаған. Шыбықтың басында төменгі жағында сопақша пішінді ірі пасталық мөншақ орналасқан. Қимасы дөңгелек. Ақ түсті. Ол жанынан көмкеріп тұратын шыбық арқылы кигізілген, ал жоғары жағынан бір-біріне жақын орналасқан көптеген шырмауықтан орам жасалған. Табылған материалдардың ішінде археологиялық органика, ең алдымен маталар болды. Яғни Болған ана көйлекпен, тері етігімен және басқа да киімдерімен қоса жерленген. Табылған кезде маталардың күйі тұрақты болды: кей жағдайларда матаның бояуы (аздап өзгерген), иілгіштігі, құрылымы сақталған, аздап гумустық кір болды. Табылмалардың бір бөлігі-өте нәзік және қатты кірленген. Зерттеушілер нысандарға тазалау және алғашқы пластификациялауды жүргізгеннен, өздігінен кепкеннен кейін жібек мата жылтырақ әрі иілгіштік қасиетіне ие болды. Соның нәтижесінде, матаның кей бөліктерінде әртүрлі өрнек байқала бастады. Тазалау және алдын ала консервация жұмыстарынан кейін -кешенді зерттеулер: жанынан түсірілген поляризацияланбаған жарықты қолданумен микроскопия, химиялық-технологиялық зерттеулер жүргізілді [4, 15 б].

Одан басқа, ертоқым қалдығы, үзенгі және қару-жарақтардың қалдықтары табылды. Зерттеу жұмысы тек қазба жұмыстарымен шектелген жоқ. Зертханалық талдамалар жасалды.

Сақталып қалған маталарға зерттеу жұмыстары барысында сырт шекпеннің сары түсті жібек қамқасы өзінің күрделілігі және нәзік өсімдік әліптес бедерлеріне байланысты қызығушылық тудыруды. Бұл мата иірілмеген жұқа жібектен біріктіріле тоқылған. Сырт шекпеннің өңірлері мен жең бүкпесі қымбат сары қамқадан тігілген. Қамқаның өрнегі-өсімдік әліптес, алтын жіппен тігілген. Сырт

шекпеннің кей жерлерінде қарапайым тоқылған сары түсті жұқа жібек астардың бөліктері сақталған. Әйел адамның сырт шекпеннің астында ерекше құрылымдық ерекшеліктері бар иыққа жабатын қызыл түсті алтын қамқадан тігілген, қызыл түске бояулы ойранмен боялған киім сақталған. Қызықты табылмалардың ішінде -алтын зері бар көк мата болып табылады. Өзінің түріне қарамастан мата нашар сақталған: көп бөлігі түсін, зерін тіпті физикалық қасиеттерін де жоғалтқан. Бүгінгі күні бұл қандай шикізаттан жасалған деген сұрақ тұр. Бұл жұқа жүннен жасалған мата болуы мүмкін. Негізгі тоқыманың үстінен салынған алтын жұқалтырдан жасалған қызықты алтын зер де назар аудартады. Мата қара-көк (индиго) түсті бояумен боялған. Ал тоқыманың өзі екі негізбен (көк және сары) және екі арқаумен -көк және алтын түстес түспен жасалған. Матаның негізгі ені көк түспен тоқылған, алтын зер салынған жерлерінде оны негізгі матамен біріктіру үшін сары түсті арқауды пайдаланған. Археологиялық материалдың ішінде бас киімінің (боктаг) кіші бөліктері сақталған: тоз құрылымдар және оларға жабысқан мата өте нашар сақталған. Тозда қарапайым тоқылған жібек мата және жұқа селдір торғын айқын көрінеді. Алайда бүгінгі күннің өзінде біз алдымыздағы - қайтыс болған адамның қоғамдағы жоғары мәртебесін көрсететін ежелгі маталардың бірегей және қызықты жиынтығы деп айта аламыз. Кесенеден табылған барлық маталар шетелден әкелінген және мәртебелі маталар қатарына жатады. Киімнің сақталған құрылымдық бөліктеріне қарап, оның монғол-қытай үлгісіндегі киім екенін анықтай аламыз. Бұл таңқаларлық жайт емес, себебі маталар Алтын Орданың ақсүйек өкілінің жерлеу орнынан табылған [5, 26-27 б].

Ғалымдар үш жыл бойы Болған ананың бейнесін, оның аяқкиімі мен киімін, сондай-ақ мазардан табылған заттарды - айна, қанжар, ер-тұрман және алтын тостағанды - кезен-кезеңімен қайта қалпына келтірмен айналысты. Аталмыш зерттеу жұмыстарының бір ерекшелігі генетикалық сараптамасы Жапонияның ұлттық генетикалық орталығында атқарылса, радиокөміртегілік мерзімдемесі Ұлыбританиядағы Белфаст қаласындағы зертханада жүргізілді. Антропологиялық сараптамасы да белгілі антропологтармен атқарылған. Ғалымдар Болған ананың монғолоидтық нәсілге жататынын, бойының шамамен 165 см болғанын және 35-40 жас шамасында қайтыс болғанын анықтады. Өлім себебін әзірге анықтау мүмкін болмай отыр [6, 26 б].

Кесенеден табылған антропологиялық деректер негізінде Қазақстанда алғашқы гиперреалистік мүсін - Болған ана мүсіні дайындалды. Оны елордалық мүсінші Айдос Есмағанбет жасады. Ал, шапан мен қосалқы жәдігерлерінің реконструкциясын археолог Татьяна Крупа дайындаған.

2022 жылы Астана қаласында Ұлттық музейде көрмеге Болған ана кесенесінен табылған алтын тостаған, жібек матадан тігілген шапан, ер-тоқым, қару-жарақ және тағы басқа заттар қойылып, көпшілік назарына ұсынылды (сурет 3). Болған ана киімінің үлгісін жасаған Татьяна Крупа зерттеу нәтижесінде табылған шапанның матасы өте қымбат екенін, оны тек хан әулетінің лауазымды адамдары кигенін айтады.



3 - сурет Болған ана жаңғыртпасы .Гиперреалистік мүсіні

Ал Болған ананың мүсінін жасау үшін біраз іздендім. Археологтармен жұмыс істедім. Олар маған ғалымдар жасаған антропологиялық бейнесін әкеп берді. Сол арқылы кейіпкерімнің көзі, мұрны, қасы, қысқасы бет-әлпетін қалпына келтірдім. Оның бәрі математикалық дәлдікпен іске асты. Бізде тұлғалардың антропологиялық бейнесі шетелде жасалады да, көбінесе олар еуропалыққа ұқсап тұрады. Ал Болған ананың бейнесін шамам келгенше, өзімізге, яғни азиялықтарға жақындаттым. Мұнда Болған ананың 45 жастағы кезі, бойы шамамен 1,65 см. Бір сөзбен айтқанда, мүсінге жан бітіруге барынша күш салдым, – дейді мүсінші Айдос Есмағанбет.

Болған ана кесенесінде жүргізілген зерттеу жұмыстары бұл ескерткіштің тарихи-мәдени маңызы аса жоғары екенін дәлелдеп берді. Археологиялық және архитектуралық деректер кесененің тек жерлеу орны ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әулеттің рухани-идеологиялық мұрасын сақтаған қасиетті кешен болғанын көрсетеді. Кесене құрылысындағы материалдар, оның жоспарлы жүйесі, сәндік элементтер мен құрылыс техникасы ортағасырлық дала сәулет өнерінің дамыған үлгісін айғақтайды. Әсіресе оның аймақтық ерекшеліктері мен Алтын Орда дәуіріне тән элементтердің қатар кездесуі бұл кешеннің сол кезеңдегі саяси-мәдени үрдістермен тығыз байланыста болғанын аңғартады. Кесенеден табылған маталар, киім қалдықтары және тұрмыстық бұйымдар жерленген тұлғаның жоғары әлеуметтік мәртебесін анықтауға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, Болған ана кесенесі - өңір тарихын, ортағасырлық қоғамның әлеуметтік құрылымын, рухани дүниетанымын тануда аса құнды дереккөзі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Уәлиханов, 2010а - Уәлиханов Ш.Ш. Қазақ мазарларының түрлері // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. I том/ 2 басылым-Алматы: «Толағай групп», 2010 ж.
2. Герасимов Г.Г. Памятник архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата, 1957.
3. Әуезов Қ.Ж., Исакаев А.Ш. Ұлытау - Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі. Мәдени мұра ғылыми журналы. №4 (95) -2021. -122 б.
4. Касеналин А., Есенов С., Исакаев А., Алкей Е. Отчет об археологических исследованиях мавзолея Болған Ана. 2018 г.
5. Сарыарқа және Алтын Орда: уақыт пен кеңістік. - Сарыарқа и Алтын Орда: время и пространство. - Saryarka and the Golden Horde: time and space. - Nur-Sultan, 2019. - 100 б.
6. Абсаликов А.А. Личность Болған Ана и ее мавзолей в исторических источниках. ULY DALA MURASY ғылыми журналы. № 3 -2023. - 22 б.

ЖРИЦА ИЛИ ПРИНЦЕССА ТАКСАЯ?

Асхатова М.

Научный руководитель: ст.преподаватель Т.В. Кошман
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Munira-muniravagiz@gmail.com
г. Астана

Актуальность исследования определяется растущим интересом современной исторической науки к реконструкции социальных ролей женщин в древних кочевых обществах. Долгое время в археологии доминировал стереотипный взгляд, согласно которому элитные женские погребения интерпретировались исключительно через призму их родства с мужчинами-вождями - как «жён» или «принцесс». Однако находки последних десятилетий, в том числе и захоронения женщин с ярко выраженным ритуальным инвентарём, заставляют пересмотреть эту парадигму. Комплексное изучение погребения знатной женщины из кургана №6 могильника Таксай-1 позволяет выйти за рамки дихотомии «светская власть - сакральная власть» и глубже понять сложную структуру общества ранних кочевников, где женщины могли обладать верховным религиозным авторитетом и выполнять уникальные функции духовных лидеров.

В статье предпринята попытка изучения знакового погребения женщины из кургана № 6 могильника Таксай-1 (Западный Казахстан) с целью выявления ее социального статуса: жрица или принцесса.

История изучения могильника Таксай-1 в Теректинском районе Западного Казахстана берет начало в 1965 году. Систематические исследования под руководством М.Н. Сдыкова и, позднее, раскопки отряда Я.А. Лукпановой в 2012 году выявили шесть курганов, среди которых захоронение знатной женщины в кургане №6 стало научной сенсацией [1, с. 45]. Центральное захоронение было совершено в квадратной могильной яме глубиной до 3,5 метра, перекрытой массивной деревянной конструкцией. Следы сильного прокала фиксировались по всем сторонам погребальной камеры, что указывает на проведение сложного обряда очищения огнем - характерной практики, связанной с жреческими культами, в частности, с солнечным культом [2, с. 58].